

Қызылтал ауылы

Қызылтал ауылының қойнауы шежіре мен тарихқа толы. Көзі көрген қариялардың айтуы бойынша, Қызылтал ауылы бұдан 200-250 жыл бұрын ерте заманда пайда болған. «Табын» руынан шыққан атақты «Тынбай» бабаларымыздың (әулие) жайлаған жері көрінеді. Соған қарағанда «Табын» руынан тарайтын жақын-жуықтың мекені болған. Оған дәлел ретінде қазіргі Қызылтал ауылынан 1 шақырым жерде үйлердің, мал қоралардың орны. 3-4 шақырым жерде «Атшапқан» деген тұтас бір төбенің орны куә. Осы жерде ат шаптырылып, той жасаған. Содан «Атшапқан» деп атап кеткен. Қызылтал ауылы Ақсай қаласынан 3 шақырым жерде орналасқан. Тарих беттеріндегі аңыз-әңгімелерге сүйенер болсақ, оның мәні мынада екен: Ертеде, шағын қарапайым халқы бар ауыл болған. Осы Қызылтал ауылында бір құдық болыпты. Тұщы сулы құдықты ауыл халқы өз игіліктеріне құдықтың тұщы да шипалы болуының бір сыры болар деген оймен құдық маңынан өтіп бара жатқан бір қария таяғына сүйеніп, үңіле қарап тұрыпты. Қенет қария қолындағы аса таяғын құдыққа түсіріп алады. Уақыт өте келе сол құдықтан қызыл тал өсіп шығады. Аң –таң болған тұрғындары жергілікті қариялардан жұмбақ сырдың шешуін сұрап сөздеріне жүгінеді. Ал қариялардың айтуынша ауыл тұрғындары құдық маңындағы қарияның таяғы екенін түсінеді, яғни қарияның аса таяғы да қызыл талдан жасалған екен. Сол себептен де Қызылтал өсіп шыққан деседі... Жалпы ауыл маңында, далалықта қызыл тобылғылар көп өседі.” Қызыл тал” дегеніміз осы тобылғы болуы мүмкін ғой .

1930 жылы Қызылтал ауылында екі үй болған, содан жайлап үйлер салынған. 1930-1932 жылдары аштыққа байланысты Бөкей жерінен және бөтен жерлерден келген Шеркеш, Беріш, Алаша, Қарақұнан рулары қоныстана бастаған.

1936 жылы Орал-Илецк теміржолы бойында “Қазақстан” станциясы салына бастаған. 1937 жылға дейін Теректі ауданына қарасты Бөрлі жері, Бөрлі ауданы болып қайта құрылған. «Бөрлі» ет совхозы ашылады, оның орталығы Аралтал ауылы болады да, Қызылтал ауылы оның №2 бөлімшесі болады. 1957 жылы Қызылтал ауылы Пугачев совхозына қосылды. 1965 жылы Қызылтал ауылы Миргород совхозына қосылып, № 2 фермасы болды. 1974 жылы ашылған сегіз жылдық білім беретін мектеп Бөрлі ауданындағы жалғыз қазақша білім беретін білім ордасы болған. Алғаш мектепте 127 оқушы оқыды. 1989-1990 оқу жылында мектеп «орта мектеп» мәртебесін алды. Сол уақытта оқушы саны 150- ге жетті. 1990 жылға дейін Қызылтал ауылында 2-3 көше болған. Барлығы 500-ден астам халық тұрған. Қазіргі таңда 27 көшеге дейін өсті.

1989 жылы «Қарашығанақ» мұнай газ кенішін игеру басталуына байланысты Қызылтал ауылы «Қазақ Газ» өндірісінің қарауына алынып, кейін сол өндірістің жеке шаруашылығы Тұңғыш шаруашылығының бөлімшесіне айналды.

1993 жылы Ақсай қалалық ток өндіру бөлімінің қарауына аударылды. 2003 жылғы 19 сәуірдегі облыстық маслихат пен Батыс Қазақстан әкімшілігінің бірлескен шешімімен, Бөрлі ауданы Қызылтал ауылдың округі құрылды. Ауылдық округтің орталығы – Қызылтал ауылы. Округ аумағы 31917 мың гектар жер, халық саны 2504 тен астам болды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін, осы 25 жыл ішінде Қызылтал ауылында да көптеген игі істер атқарылды. «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарлама аясында өлкемізде бірнеше ғимараттар бой көтерді. 2004 жылы 17 қаңтарда типтік үлгідегі 180 орындық жаңа мектеп ғимараты пайдалануға берілді. 2010 жылы мектепке қосымша ғимарат салынды. 40 жыл уақыт аралығында негізгі білім алған 152 шәкірт, орта білім алған 325 шәкірт сапалы білім, саналы тәрбие, өмірлік өнер алып, өмірге қанаттанып ұшты. Қазіргі уақытта мектепте 761-тан астам оқушылар білім алуда. Даярлық топта 125 бала тәрбиеленуде. 2012 жылы «Өркен» 320 орындық балабақшасы, 2015 жылы ауыл тұрғындарына арналған емхана, қажетті дәрі-дәрмектермен қамтылған дәріхана, «Риза» мейрамханасы, Мәдениет үйі, бірнеше дүкендерді атап айтуға болады. Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің № 47 шешімімен 2013 жылы 10 сәуірде Қызылтал ауылы Ақсай қаласына қосылды. 2016 жылы қараша айында Қызылтал жалпы білім беретін мектебі Ақсай қаласының №7 мектебі болып өзгертілді.



*«Бөрлі жаршысы»
Каймулдинова Равза Гареевна*

№46,

17.11.2016